

**"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің жоғары оқу орындары мен колледждеріне үміткерлерді іріктеудің Ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 1998 жылғы 22 желтоқсандағы N 459 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 1 желтоқсандағы N 650 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылғы 22 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 3297. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2013 жылғы 4 наурыздағы № 163 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 04.03.2013 № 163 бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің оқу орындарына үміткерлерді іріктеу жөніндегі жұмысты жетілдіру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің жоғары оқу орындары мен колледждеріне үміткерлерді іріктеудің Ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 1998 жылғы 22 желтоқсандағы N 459 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу реестрінде N 745 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

аталған бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жоғары оқу орындарына үміткерлерді іріктеу ережелерінде:

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жоғары оқу орындарында оқуға үміткерлерді іріктеу (Осы Ережелерге 1-қосымша) жалпы орта, кәсіптік бастауыш, кәсіптік орта, кәсіптік жоғары білімі бар ішкі істер органдарының қызметкерлеріне қойылатын талаптарға жауап беретін, денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке және оқуға жарамды Қазақстан Республикасы азаматтарының арасынан жүргізіледі.";

4-тараудың атауы алынып тасталсын;

27-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"27. Күндізгі оқуға ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрам адамдары, ішкі әскерлердің әскери қызметшілері және 25 жасқа дейінгі, жалпы орта, кәсіптік бастауыш, кәсіптік орта білімі бар басқа да азаматтар жіберіледі.";

5-тараудың атауы алынып тасталсын;

29-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

" 2 9 .                    С ы р т т а й                    о қ у ғ а :

жалпы орта, кәсіптік бастауыш, кәсіптік орта білім негізінде - 35 жасқа дейінгі, ішкі істер органдары мен ішкі әскерлерде кемінде 3 жыл қызмет өтілі бар және орта басшы құрам лауазымына жоғарылатуға резервте тұрған ішкі істер органдарының қызметкерлері және ішкі әскерлердің әскери қызметшілері жіберіледі;

кәсіптік жоғары (заңгерлік емес) білім негізінде - 35 жасқа дейінгі ішкі істер органдары мен ішкі әскерлерде кемінде 1 жыл қызмет өтілі бар ішкі істер органдарының қызметкерлері, ішкі әскерлердің әскери қызметшілері жіберіледі."

30-тармақ алынып тасталсын;

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жоғары оқу орнына үміткерлерді іріктеу ережелеріне 1-қосымша осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес ауыстырылсын;

аталған бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің колледждеріне үміткерлерді іріктеу ережелерінде:

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің колледждерінде оқуға үміткерлерді іріктеу (осы Ережелерге 1-қосымша) жалпы орта, кәсіптік бастауыш білімі бар ішкі істер органдарының қызметкерлеріне қойылатын талаптарға жауап беретін, денсаулығы бойынша әскери қызметке және оқуға жарамды Қазақстан Республикасы азаматтарының арасынан жүргізіледі.";

26-тармақ алынып тасталсын;

4-тараудың атауы алынып тасталсын;

27-тармақ мына редакцияда жазылсын:

"27. Күндізгі оқуға ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрам адамдары, ішкі әскерлердің әскери қызметшілері және 25 жасқа дейінгі жалпы орта, кәсіптік бастауыш білімі бар басқа да азаматтар жіберіледі.";

5-тарау алынып тасталсын;

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің колледждеріне үміткерлерді іріктеу ережелеріне 1-қосымша осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес ауыстырылсын.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Тәрбие және кадр жұмысы департаментінің бастығы полиция полковнигі Б.Н.Өмірзақовқа жүктелсін.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

*Министр*

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің

2004 жылғы 1 желтоқсандағы  
N 650 бұйрығына 1-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің жоғары оқу  
орындарына үміткерлерді  
іріктеу ережелеріне

1-қосымша

**Қазақстан Республикасының Ішкі істер  
министрлігі жоғары оқу орындарының тізбесі**

N	Оқу орындарының атауы	Оқу мерзімі	Дайындау саласы
1.	ҚР Ішкі істер Академиясы (480060, Алматы қаласы, Өтепов көшесі, 29)		N 050303 "Құқық қорғау қызметі" мамандығы бойынша (Бакалавриат) жоғары кәсіптік (заңгерлік) білімі бар мамандарды: тергеу-криминалис- тикалық; жедел-криминалистикалық; жедел-ізвестіру; әкімшілік-құқықтық маманданулар бойынша дайындау.
	күндізгі оқыту	4 жыл	
	сырттай оқыту:		
	жалпы орта білім негізінде;	5 жыл	
	жоғары кәсіптік (заңгерлік емес) және кәсіптік орта (заңгерлік) білім негізінде	3 жыл	
2.	ҚР Ішкі істер министрінің Б. Бейсенов атындағы Қарағанды заң институты (470064, Қарағанды қаласы, Ермеков көшесі, 124)		N 050303 "Құқық қорғау қызметі" мамандығы бойынша (Бакалавриат) жоғары кәсіптік (заңгерлік) білімі бар мамандарды: жедел-ізвестіру; тергеу-криминалистикалық маманданулар бойынша дайындау. негізінде
	күндізгі оқыту	4 жыл	
	сырттай оқыту:		
	жалпы орта білім негізінде;	5 жыл	
	жоғары кәсіптік (заңгерлік емес) және кәсіптік орта (заңгерлік)	3 жыл	

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің

2004 жылғы 1 желтоқсандағы  
N 650 бұйрығына 2-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істерінің колледждеріне  
үміткерлерді іріктеу

ережелеріне 1-қосымша

**Қазақстан Республикасының Ішкі істер  
министрлігі колледждерінің тізбесі**

---

N	Оқу орындарының атауы	Оқу мерзімі	Дайындау саласы
1.	ҚР Ішкі істерінің Ақтөбе заң колледжі (463000, Ақтөбе қаласы, 41 - разъезд, Курсанттар тас жолы)	2 жыл	N 0202002 "Құқық қорғау қызметі" мамандығы бойынша кәсіптік орта (заңгерлік) білімі бар мамандарды әкімшілік-құқықтық мамандану бойынша дайындау.
2.	ҚР Ішкі істерінің Семей заң колледжі (490026, Семей қаласы, Қаржаубайұлы көшесі, 245)	2 жыл	N 0202002 "Құқық қорғау қызметі" мамандығы бойынша кәсіптік орта (заңгерлік) білімі бар мамандарды жедел-ізвестіру мамандану бойынша дайындау.
3.	ҚР Ішкі істерінің Шымкент заң колледжі (480163, Шымкент қаласы, Чернышевский көшесі, 139)	2 жыл	N 0202002 "Құқық қорғау қызметі" мамандығы бойынша кәсіптік орта (заңгерлік) білімі бар мамандарды әкімшілік-құқықтық мамандану бойынша дайындау.

---